

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІң, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІң ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІң ГАЗЕТІ

№ 155 (9217) || 1953 жылғы 4 август Сейсенбі Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйып.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Министрлер Советінің Председателі

Г. М. МАЛЕНКОВ жолдасқа

ССРО Одағының Сыртқы Істер Министрі
В. М. МОЛОТОВ жолдасқа

Корейдағы уақытша бітім туралы келісімге қол қойылуына байланысты құттықтауларыңыз үшін Совет Одағының барлық халықтарына және Сіздерге шың жүректен алғыс айтуға рұқсат етіңіздер.

Корейда уақытша бітімнің жүзеге асырылуы Совет Одағы бастаған бейбітшілік және демократия лагерінің ұлы жеңісі болып табылады.

Совет Үкметінің және совет халқының корей мәселесін бейбітшілік жолмен шешуге қажырлылықпен күш салуы Корейдағы соғысты аяқтау ісінде орасан зор роль атқарды.

Қызыр Шығыста және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау және қорғау ісін жақтап, үнемі күрес жүргізу үшін қытай халқы әрдайым ұлы совет халқымен, қаһарман корей халқымен және бүкіл дүние жүзінің барлық бейбітшіл халықтарымен тығыз танысып отырады.

Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметінің Председателі
МАО ЦЗЭ-ДУН.

Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Әкімшілік Советінің премьері және Сыртқы істер министрі

Пекин, 30 июль, 1953 жыл.

Колхоз партия ұйымының секретары

СОКП XIX съезі алға қойған міндеттерді жүзеге асыруда бастауыш партия ұйымдарының ролі ерекше зор. Демек, Коммунистік партияның негізі—бастауыш партия ұйымдары болып табылады. Ол жұмысшы, шаруа және интеллигенция бұқарасын партияның басшы органдарымен байланыстырып отырады.

Колхоз бастауыш партия ұйымдарының ролін арттырып, жауапкершілігін күшейту үшін оларға колхоз басқармасының жұмысын бақылау правосы берілді. Бұл партия ұйымдарының саяси-шаруашылық міндеттерді уақытты жүзеге асыру ісін ұйымдастыруға, колхоз басқармасының жұмысына бағыт беріп отыруға зор мүмкіндік береді.

Бастауыш партия ұйымы жұмысының жақсаруы, оның партияда жоқ колхозшылар бұқарасы арасында ықпалының ар-

дық» колхозы бастауыш партия ұйымының секретары Ш. Әбдіқасымов жолдас колхозшылар бұқарасын саяси-шаруашылық нақанды деркезінде жүзеге асыруға жұмылдыруда. Ол колхоз басқармасымен бірлесе отырып, әр бескүндік сайын бригадалар арасындағы социалистік жарыстың қорытындысын шығарып, оны бригада жыйналыстарында талқылап отырады. Жарыстың қорытындысын көрсеткіш тақталар мен қабырға газеттеріне жазуды ұйымдастырады.

Алайда, кейбір бастауыш партия ұйымдарында істің жайы тінті бұлай болмай отыр. Мәселен, Совет ауданындағы Ленин атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымының секретары Посвященный жолдас өзінің секретарлық ролін атқара алмай келеді. Ол үгіт коллективімен ешқандай жұмыс жүргізбейді. Үгіт-бұқаралық жү-

Облысымыздың егін даласында

660 пұт астық тапсырды

Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың колхозшылары егінді қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап алу ісіне тыңғылықты әзірленді. Кәзір колхоз егін жыйнауға ауданда алғашқылардың бірі болып кірісіп отыр.

Петропавл МТС-нің осы колхозда жұмыс істейтін комбайншылары егін жыйнауға зор ұйымшылдықпен кірісті. Комбайншы Адам жолдас өзінің жүретін комбайнмен күн сайын 12 гектар орнына, 15—17 гектардан егін жыйнайды. Ол кәзір 56 гектар бидайық орып, одан 208 центнер өнім алды. Адам жолдас 40 гектар сұлы жыйнап, оның әрбір гектарынан 11,5 центнер өнім алды.

Колхоз басқармасы жыйналған астықты тазарту, кентіру жұмыстарын үгіт ұйымдастырған. Алғашқы астық қырманға келіп түсісімен ақ тазартылады және кентіріледі. Кәзір қырманда 6 астық тазартқыш жұмыс істейді.

Колхозда дйындалған астықты мемлекетке тапсыру ісі де қызу қарқынмен жүргізілуде. Колхоздың автомашинасымен қабылдау пункттеріне астық үздіксіз тағылады. Осының нәтижесінде колхоз мемлекетке 660 пұт астық тапсырды. 3 августа комбайншы Вегнер жолдас «Сталинец—6» көп комбайнмен егін ора бастады. Комбайншы 25 жұмыс күні ішінде 1500 гектар егін жыйнауға серт берді. Ол өткен жылы егін жыйнауға зор табысқа жеткенді. Оның быйылғы егін жыйнауға да зор табысқа жететіндігі сөзсіз.

Осы аудандағы Ворошилов атындағы колхоздың колхозшылары да егін жыйнау жұмыстарын алғашқы күннен бастап тыңғылықты жүргізуде. Колхозда 21,5 гектар рьжик және 10 гектар қара бидай жыйналды. Колхозшылар алғашқы астықты мемлекетке тапсыру үшін оны қырманда тазартып, кентіруде.

Үлгілі әзірлікпен кірісті

«Пролетарское знамя» колхозының (Кольцов ауданы) колхозшылары быйыл бітік егін өсіруде. Егіннің барлық көлемінен мол тұрақты өнім алу жолындағы кү-

Партияның міндеті—сын мен өзара сынды барған сайын кең өрістетуге, бұл іске кедергі келтіретіннің, бөгет жасайтынның бәрін жойып отыру. Біз жұмыстағы кемшіліктермен күресуге бұқараны неғұрлым көп қатыстырсақ, біздің барлық ұйымдарымыздың жұмысын төменнен бақылау неғұрлым күшті болса, барлық салаларда біздің ісіміз солғұрлым табысты болады.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

Жемшөптің мол қорын жасайық

Жемшөп сүрлеу жұмыстарын комплексті механикаландырып, шөп сүрлеу жоспарын толық орындайық

Сүрленген шөп малдың ең жақсы азығы екенін дәлелдеудің ешбір қажеті жоқ. Жақсы сүрленген шөп қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруды қамтамасыз етеді. Алайда, облыс колхоздарында мұндай бағалы мал азығын дайындауға жеткілікті кеңілі бөлінбей келеді. Шөп сүрлеу жөнінде тағайындалған жоспар жыл сайын орындалмай жүр. Шөп сүрлеудің агротехникалық қолайлы мерзімі быйыл да босқа өткізілуде. Мұны осы жылғы 1 августқа дейін облыс бойынша жемшөп сүрлеу жоспарының небары 26 процент ғана орындалғанынан ақ айқын көреміз. Осы уақытқа дейін облыста 221 колхоздан шөп сүрлеуге 145-ақ колхоз кірісті.

Шөп сүрлеу жұмыстары Октябрь, Приешім аудандарының колхоздары мен МТС-терінде нашар ұйымдастырылған. Бұл аудандардың көп колхоздары мен МТС-тері шөп сүрлеуге әлі кіріскен жоқ. Шөп сүрлеудің жайы Совет, Петропавл және Ленин аудандарында да өз дәрежесінде емес. Олардың МТС-тері мен колхоздарында сүрленген шөп дайындау жоспары 19-26 проценттен ғана орындалған.

Тағайындалған бескүндік тапсырмаларды орындамаумен бірге бірқатар колхоздарда шөп сүрлеудің агротехникасы өрескел бұрмалануда. Мысалы, Совет ауданындағы «Красное поле» колхозында сапасы нашар жабайы шөптердің сүрленуіне жол берілген. Осы аудандағы «Еркіндік» және «Новый быт» колхоздарында сүрленген шөп жабдықталмаған орлар мен траншеяларға салынуда. Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозында және Соколов ауданының бірнеше колхоздарында шөп туралмай, шабылған күйінде орлар мен траншеяларға салынып келеді.

Быйыл облыс колхоздарында сүрленетін шөп қоры жеткілікті. Әресе, сүрленетін шөп қоры жеткілікті. Әресе, сүрленетін шөп қоры жеткілікті.

Мұның себебі —МТС-тер колхоз өндірісіндегі мұндай маңызды жұмысқа әлі күнге дейін кіріскен жоқ, олар шөп сүрлеу жұмыстарын комплексті механикаландыру ісін жүзеге асыра алмай келеді. Пушкин атындағы, Коновалов, Семиполка, Приешім, Интернационал, Ленин атындағы МТС-тер туралы міне осыны айтуға болады. Бұлар шөп сүрлеуге осы күнге дейін кіріскен жоқ, шөп сүрлеуге техника нашар пайдаланылады. Бұл МТС-тердің директорлары Федько, Горохов, Сердюк, Супрунюк, Ларионов жолдасар шөп сүрлеуде өздерінің жауапкершіліктерін ұмытқан. Олар қолда бар техниканы колхоздарда шөп сүрлеуге қосып, бұл жөнінде колхоздармен жасасқан шартты міндеттемелерді орындау үшін ешбір қам жемейді.

МТС-терде шөп сүрлеуге мұндай жеңіл-желпі қарушылықты дереу жою керек. МТС-тер шөп сүрлеуде еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға кеңінен қатысуға тиіс. Әресе, орлар мен траншеялар қазу, оларды жабдықтау, шөп шабу, оны тұрап жамбылға салу жұмыстарын комплексті механикаландыру қажет.

Шөп сүрлеу жоспарын мезгілінде және толық орындау үшін сүрленетін дақылдарды жыйнап, турауға арналған комбайндарды, трактор шөп турағыштарын, автомашиналарды мейлінше тиімді пайдалану керек.

Шөп сүрлеуде ауыл шаруашылығының мамандарына зор міндеттер жүктеледі. Олар жемшөп сүрлеу жұмыстарының үнемі басы-қасында болып, шөптің әрі көп, әрі сапалы сүрленуін қамтамасыз етуге тиіс.

Қоғамдық мал шаруашылығы үшін сүрленген шөпті мол дайындау, сөйтіп, үстіміздегі жылы мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда зор табыстарға жету

Шөп сүрлеуге техника қуаты пайдаланылмайды

Октябрь ауданының колхоздары быйыл 9500 тонна шөп сүрлеуге тиіс еді. Осыдан бар болғаны 76 тонна ғана шөп сүрленді. Ауданның колхоздары мен МТС-терінде шөп сүрлеу жоспарының қанағаттанғысыз орындалуының ең негізгі себебі —мұндай аса маңызды жұмысқа техника қуатының нашар пайдаланылуында. Ең алдымен МТС-тер мен колхоздарда техника шөп сүрлеуге нашар әзірленді. Ауданның 4 МТС-інде 11 шөп турағыш машина және сүрленетін шөпті жыйнап турауға бейімделген 11 комбайн жұмыс істемек еді. Бірақ, МТС-басшыларының жайбарақаттыққа салынып, шөп сүрлеуге мән бермеуі салдарынан бұл машиналардың көпшілігі жөнделіп біткен жоқ.

Шөп сүрлеуге әзір етілді деген шөп турағыш машиналардың өзі сапасыз жөндеген. Олар колхоздарға барған бетінде ақ сынып, жұмысқа қосылмай тұр. Мысалы, Торанғұл МТС-і Сталин атындағы колхозға шөп жыйнап турайтын бір комбайн жіберді. Бұл комбайн колхозға барғалы техникалық жағынан жарамсыз болып, жұмыс істемей тұр.

Міне, осындай техника қуатының нашар пайдаланылуы салдарынан аудандың колхоздарында шөп сүрлеудің жайы өте-өте нашар болып отыр. Жамбыл атындағы, Ленин атындағы, «Путь Ильича» «Путь коммунизма» колхоздарында техниканың пайдаланылуы өте қанағаттанғысыз. Бұл колхоздарда үстіміздегі жылы 600 тоннадан шөп сүрленуге тиіс болса, осы уақытқа дейін мұнда бірде-бір тонна шөп сүрленген жоқ.

Ендігі жерде Октябрь ауданының басшылары шөп сүрлеуде МТС-тердің жауапкершіліктерін күшейтіп, жемшөп сүрлеу жоспарының толық орындалуына, сөйтіп, қоғамдық малдың құнарлы азықпен қамтамасыз етілуіне жетісулері керек.

А. ЖОЛДЫГАРИН.

Қоғамдық малға құнарлы

туы көбінесе партия ұйымы секретарына байланысты. Сондықтан бастауыш партия ұйымының секретарлығына қолынан іс келетін, ұйымдастырушылық қабілеті күшті, партияның саясаты мен қарарларын табандылықпен жүзеге асырып отыратын адамдарды іріктен алу керек.

СОКП XIX съезінде жасаған баяндамасында Г. М. Маленков жолдас былай деді:

«Партия мен мемлекет басшылығының шешуші күші — кадрлар, бұларды дұрыс іріктен алмайынша және тәрбиелемейінше партияның саяси жолын ойдағыдай жүзеге асыру мүмкін емес. Кадрларды іріктен алу ісіндегі басты міндет — қызметкерлердің сапа құрамын барынша жақсартып отыру, біздің партия, мемлекет және шаруашылық ұйымдарымызды партия мен мемлекеттің мүдделеріне берілген, істі жақсы білетін және оны алға бастыра алатын адамдармен нығайтып отыру».

Колхоз бастауыш партия ұйымының секретары — колхоздағы саяси басшы. Ол марксизм-ленинизм негіздерін оқын менгерген, жоғары мәдениетті, саяси қырағы, болашақты болжай білетін, коммунистерді сын мен өзара сынды өрістетуге және кемшілікке төзбеушілік рухында тәрбиелей білетін ұйымдастырушы болуға тиіс. СОКП Уставы партия мүшесін бұқарамен байланысын күн сайын нығайтып отыруға, еңбекшілердің тілектері мен мұң-мүддесіне деркөзінде жауап беріп отыруға, партияда жоқ бұқараға партияның саясаты мен қаулыларының мәнісін түсіндіріп отыруға міндеттейді.

Облысымыздың бірқатар бастауыш партия ұйымдары СОКП XIX съезі қарарларын басшылыққа ала отырып, партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыс дәрежесін анағұрлым жақсартта түсті. Мұндай партия ұйымдары қатарына Соколов ауданындағы Калинин атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымын қосуға болады. Бұл партия ұйымының секретары Карамышев жолдас коммунистердің идеялық саяси білімін көтеруіне, колхоздың шаруашылық және мәдени-құрылыс жұмыстарына белсене араласуына үнемі көмектесіп отырады. Ал, коммунистер шаруашылықтың ең жауапты учасқтарінде істейді. Бұл күндері колхоз шөп шабу науқанын ойдағыдай аяқтап келеді. Егін орағына да үлгілі әзірленуде. Коммунист Я. Побегалов жолдас басқарған құрылысшылар бригадасы жаңадан 200 тонна астық сыяғын қойма салды. 4 жабық қырман, 8 астық кептіргіш, 59 арбаны толық жөндеуден өткізді.

Осы колхозда жақында өткізілген партияның бір жыйналысында басқарманың жұмысы жөнінде колхоз председателі Золотарев жолдасының есебі тыңдады. Онда басқарманың колхозқа қанағаттанғысыз басшылық жасауы, бригадаларда еңбек тәртібін ұйымдастыра білмеуі сыяқты, кемшіліктердің беті ашылып, оны жою жөнінде тиісті шаралар белгіленді. Сол сыяқты, Приешім ауданындағы «Бостан-

мысты» тек газет оқумен ғана тындырады, колхоз басқармасының жұмысына бақылау жасап, оған бағыт беріп отырмайды. Коммунистердің саяси-шаруашылық науқандарда белсенділігін арттыруды ескермейді. Соколов ауданындағы Молотов атындағы, Ленин атындағы колхоздардың бастауыш партия ұйымдарында да істің жайы дәл осындай.

Партияның ішкі жұмысын күшейтпей тұрып, бастауыш партия ұйымының жауынгерлік қабілетін күшейтуге болмайды. Партия ұйымы жұмысының жақсаруы, оның колхозшы бұқара арасында ықпалды болуы көп реттерде секретарьға байланысты. Өйткені, бастауыш партия ұйымдарының секретарларына қолынан іс келетін, тәжірибесі мол, партиялық-ұйымдастырушылық қабілеті күшті адамдар іріктеліп алынған жерде, үкмет пен партияның қаулылары мен саяси-шаруашылық міндеттердің ойдағыдай орындалатынын тәжірибе көрсетіп келеді.

Облысымыздың көптеген бастауыш партия ұйымдарында қолынан іс келетін, бірақ тәжірибесі аз жас коммунистер істейді. Міне, мұндай секретарларға аудандық партия комитеттерінің жұмыс үстінде үнемі практикалық көмек көрсетіп отырулары қажет. КРП аудандық комитеттері бастауыш партия ұйымы секретарлары жұмысын өздерінің бюро мәжілістерінде тыңдап, олардың жұмыстарындағы негізгі кемшіліктердің бетін ашып, орын алған кемшіліктерді жоюға бағытталған нақтылы шаралар белгілеп отыруға тиіс. Мұнымен бірге, жұмысы жақсы партия ұйымдарының іс тәжірибесін ауданның басқа ұйымдарына таратып, оны көпшіліктің игілігіне айналдырып отыру керек.

Партия кадрларын даярлаудың негізгі бір түрі—семинар жұмыстары. Партия кадрларын даярлаудың бұл түрін КРП Булаев аудандық комитеті дұрыс пайдалануда. Аудандық партия комитеті жас коммунистермен, бастауыш партия ұйымдарының секретарларымен семинар өткізіп тұрады. Онда лекциялар оқылып, баяндамалар жасалады, тәжірибе ауыстырылады.

Аудандық партия комитетінің қызметкерлері бастауыш партия ұйымдарында жиі болып, ұйымның секретарларына тек кемшіліктерді айтумен ғана тынбай, олардың саяси белсенділігін көтеріп, төменнен көтерілген сын мен өзара сынды батыл қолдан отыруға, кемшіліктерге төзбеуге, оны табандылықпен жоюға тәрбиелеп отыруға тиіс.

Колхоз бастауыш партия ұйымдарының бүгінгі таңдағы айбынды міндеті —СОКП XIX съезі қарарларын басшылыққа ала отырып, еңбекшілер бұқарасы арасында саяси-тәрбие жұмысын жаңа талапқа сай жүргізу, шөп шабу науқанын деркөзінде аяқтап, колхозда берік жемшөп қорын жасау, егін орағын қысқа мерзім ішінде өткізуге колхозшылар бұқарасын кеңінен жұмылдыра білу.

рестің егін жыйнау мен астық дайындауды ойдағыдай өткізгенде ғана табысты аяқталатынын олар жақсы біледі. Міне, сондықтан да колхозшылар егін орағына әзірлікті уақытылы қолға алып, оны ұйымшылдықпен жүргізді. Осының нәтижесінде колхозда егін жыйнауға әзірлік қысқа мерзімде үлгілі аяқталды.

Колхозда 4 жабық қырман жөнделіп, әзір етілді. Астық қырмандары астық тазалау, кептіру және астық тиеу жұмыстарын комплексті механикаландыруға бейімделіп жабдықталған. Астық тазалайтын машиналар да толық жөндеуден өтті. Жөндеуден 4 сортровка өткізілуге тиіс еді, ол жөнделді.

Комбайн бункерінен астық алуға жәшікті арбалар жеткілікті дайындалған. 12 жәшікті арбаның барлығы да кәзір астық тасуға әзір етілді.

Быйыл колхозда егін түгелдей комбайнмен жыйналады. Кәзір егін даласында 3 комбайн жұмыс істейді.

Комбайншылар А. Гейн, Я. Борсуков, Розин жолдасар өткен жылы осы колхозда жұмыс істеген болатын. Олар быйыл да осы колхозда комбайнмен егін жыйнайды. Комбайншы Гейн жолдас былтыр «Сталинец—6» комбайнымен 800 гектар алаңның егінін орап болатын. Ол быйылғы маусымда тіркеудегі осы «Сталинец—6» комбайнымен 900 гектар жердің егінін жыйнауға міндеттеме алды. Кәзір комбайншылар егін піскен учасқтарды іріктен орауда.

Б. ЖӘКЕНОВ.

Күздік дақылдарды оруға кірісті

Сталин атындағы колхоздың колхозшылары (Соколов ауданы) партияның XIX съезінің егіншіліктің мәдениетін мықтап көтеріп, ауылшаруашылық дақылдарының барлық көлемінен тұрақты мол өнім алу жөніндегі қарарларын жүзеге асыру жолында жанқиярлықпен еңбек етуде. Быйыл колхозда бітік егін өсірілуде. Егіннің алды оруға келді. Егін жыйнау мен астық дайындауды ең қысқа мерзімде табысты өткізу бұл науқанға үлгілі әзірлік жүргізуге байланысты екенін жете ескере отырып, колхоз егін орағына әзірлікті мезгілінде аяқтаған болатын. Бұл ерте піскен егінді оруға мезгілінде кірісуге мүмкіндік берді.

Соколов МТС-нің комбайншысы Семенов жолдас быйыл өз комбайнымен осы колхозда егін жыйнайды. Бұл колхозда рыжик ору жылдағыдан ерте басталды. Семенов жолдас мұны оруға бірінші болып кірісті. Ол комбайнның жұмыс өнімділігін арттыра отырып, рыжик жыйнауға жоғары көрсеткіштерге жетті. Сөйтіп, Семенов жолдас рыжик жыйнауды ойдағыдай аяқтады.

Колхоздың қара бидайы да тез пісіп жетілді. Колхоздағы барлық комбайн күздік дақылдарды орып, жыйнауға қосылды. Комбайншы Семенов жолдас күздік дақылдарды жыйнауға кірісті.

А. ЖУМАҒҰЛОВ.

тер мен колхоздардың техникамен жылма-жыл мол жабдықталуы шөп сүрлеу жұмыстарын тез және сапалы жүргізуге зор мүмкіншіліктер туғызады. Осыған қарамастан облыста шөп сүрлеу өте баяу жүргізіліп отыр. Мұны немен дәлелдеуге

ГРАФИКТЕН ОЗҒАН БРИГАДА

Ленин ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың № 4 бригадасының (бригадирі Аткин жолдас) мүшелері жемшөп дайындауда қажырлы еңбек етуде. Бригадада жемшөп дайындаудың бескүндік графиктері үнемі артығымен орындалады.

Көпшілікті шөп машинасын жүргізетін Тобажанов жолдас бір сменада 20 гектар орнына, 20—25 гектар жердің пішінін шабады. Ол 25 жұмыс күні ішінде 600 гектардан астам жердің пішінін шапты.

Бригада мүшелері шабылған шөпті

облыс еңбекшілерінің бүгін таңдағы аса маңызды міндеттерінің бірі.

Н. ЮРЧЕНКО,

Облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының мал шаруашылығы басқармасының бастығы.

жыйнау және оны маяға салу жұмыстарын да үлгілі жүргізуде. Шөп жыйнауға 1 трактор тырнауышы және 2 ат тырнауышы жұмыс істейді. Маслов жолдас тракторға тіркелген тырнауышпен шөп жыйнайды. Ол күндік норманы үнемі артығымен орындап жүр.

Бригада мүшелері шөп маялауда да өнімді еңбек етуде. Мысалы, колхозшылар Е. Оразбаев, Н. Шаяхметов, Х. Әбелов жолдасар шөп маялауда сменалық тапсырманы мінсіз орындап келеді.

Б. МУСТАФИН.

ЖЕМШӨП

Құнарлы жемшөп —қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттырудың басты шары. Осыны ескере отырып, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының (Совет ауданы) № 3 бригадасының машинистері шөп шабуға еңбек үлгісін көрсетуде. Кеңалымды машиналық машинисті Х. Әбелов жолдас смена сайып 30—35 гектар жердің пішінін шабады. Кәзір ол 425 гектар жердің пішінін шауып үлгерді. Е. Әбелов жолдас тракторға тіркелген тырнауышпен шөп жыйнайды. Ол күндік норманы үнемі артығымен орындап жүр.

Бригада мүшелері шөп маялауда да өнімді еңбек етуде. Мысалы, колхозшылар Е. Оразбаев, Н. Шаяхметов, Х. Әбелов жолдасар шөп маялауда сменалық тапсырманы мінсіз орындап келеді.

Қ. СЫРЛЫБАЕВ.

Сөз көп, істелген жұмыс аз

Шөп сүрлеу —мал азығын дайындаудағы аса күрделі жұмыстардың бірі. Сүрленген шөпті мол дайындау ісі оған күні бұрын тыңғылықты әзірлік жүргізуді талап етеді. Бірақ, Булаев ауданының бірқатар колхоздары мұны естен шығарып, шөп сүрлеуге нашар әзірлік жүргізді. Міне, соның салдарынан кәзір ауданда шөп сүрлеу жұмыстары мүлде баяу жүргізіліп келеді. Бірқатар колхоздардың басшылары шөп сүрлеуге ешқандай маңыз бермей отыр. Осы уақытқа дейін аудандағы 13 колхоздың 7 колхозының шөп сүрлеуге кіріспеуі міне, осыны көрсетеді.

Шөп сүрлеуге кіріскен колхоздарда еңбек өнімділігі төмен, осы себептен шөп сүрлеу жөніндегі күндік, бескүндік графиктер ұдайы орындалмайды.

Быйыл «Страна Советов» колхозы 4 мың центнер сүрленген шөп дайындауға тиіс. Бұл жұмыс ойдағыдай орындалса, колхоздың қоғамдық малы жемшөптен қамтамасыз етілген болар еді. Не пайда, шөп сүрлеу жұмыстары колхозда әлі басталған жоқ. Колхоз басшылары, оның председатели Бақанов жолдас бұл жұмысқа кірісіп, қоғамдық малға сүрленген шөпті мол дайындауды тіпті ойламайды. Мұнда, керек десе, сүрленген шөпті сақтайтын орлар мен траншеялар да дайындалмаған. Ал, шынында колхозда сүрленген шөп сақтайтын орын жеткіліксіз.

Шөп сүрлеу жөнінде колхозға МТС таратылған да ешбір көмек болмай отыр. Булаев МТС-і мұнда сүрленетін дақылдарды жыйнап тұрау үшін бір комбайн жібермек еді. Ол комбайн жұмысқа қосылмай, мастерскойда жөндеу күтіп тұр.

Ленин атындағы колхоз да шөп сүрлеу жұмыстарына кіріскен жоқ. Колхоз председатели Ақмалинов жолдас шөп сүрлеуді тыңғылықты ұйымдастырып, шөп сүрлеу жоспарын толық орындайтыны жөнінде аудан басшыларына уәде берумен күн өткі-

зіп келеді. Аудан басшылары бұған сеніп, шөп сүрлеуді қолға алуды Ақмалинов жолдас тінті талап етпей отыр.

«Победа» колхозының председатели Мамаков жолдасының шөп сүрлеу жөнінде теріс пікірде отырғанын айтауға болмайды. Ол табиғи шабындықтардың шөбін сүрлеуге мүлде мән бермейді. «Екпе шөптерді сүрлеп үлгірек те болады» деп Мамаков жолдас табиғи шабындықтардың шөбін жемшөп сүрлеуге пайдалануды ұйымдастырмай отыр. Ал, бұл колхозда екі шөптерді сүрлеудің өзі нашар ұйымдастырылған. Шөп сүрлеуге қолда бар күш-мүмкіншіліктер дұрыс пайдаланылмайды. Соның салдарынан мұнда жемшөп сүрлеудің күндік, бескүндік графиктері қанағаттанғысыз орындалуда.

Өзара жасасқан шарт бойынша МТС-тер шөп сүрлеуде колхоздарға үлкен көмек көрсететіні белгілі. Алайда, аудан МТС-тері шөп сүрлеуде өздерінің күш-мүмкіншіліктеріне сай жұмыс істеп отырмай жоқ. Ең алдымен МТС-тер шөп сүрлеуге нашар әзірленген. Бұл жұмысқа пайдаланылатын машиналардың жөндеу сапасы өте төмен. Сондықтан олар жұмысты өнімсіз істейді. Мұның өзі шөп сүрлеу жоспарының нашар орындалуына әкеліп соғуда.

Калинин атындағы МТС өзі қамтытып «Красное знамя» колхозына шөп сүрлеуге бір комбайн жабдықтап берді. Ал, осы комбайн шөп сүрлеуге қалай әзірленген? Бұл комбайнның моторы мүлде сапасыз жөнделген. Ол колхозда шөп сүрлеуге бір-ақ күн пайдаланылды, екінші күні моторы сынып істен шықты. Ақыры комбайн қайтадан жөндеуге қойылды. Кәзір бұл колхозда шөп сүрлеу жұмыстары өте баяу жүргізіліп келеді. Колхозда небары 30 тонна ғана шөп сүрленген. Техника қуатын сарқа пайдалануға, шөп сүр-

леу жоспарын толық орындауға МТС басшылары да, колхоз басшылары да жеткілікті қамқорлық жасамайды.

Мұндай фактілерді көптеп келтіруге болады. Оның бәрі МТС, колхоз басшыларының қоғамдық мал шаруашылығын құнарлы жемшөптен мол қамтамасыз етуге әлі күнге дейін жете көңіл бөлмей отырғанын дәлелдейді. Ауданның қай МТС-інде, қай колхозында болсын мал азығын дайындауға, оның ішінде шөп сүрлеу жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге қажетті күш-мүмкіншіліктердің бәрі де бар. Бірақ, іске нақтылы басшылықтың жоқтығынан бұл күш-мүмкіншіліктер мейлінше нашар пайдаланылып келеді. Ауданда жемшөп дайындаудың, әсіресе, жемшөп сүрлеудің қанағаттанғысыз жүргізілуінің ең басты себебі, міне, осы.

Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомінің мәжілістерінде колхоздарда жемшөп дайындау мен шөп сүрлеудің барысын жақсарту жөнінде мәселе жиі қаралады, қаулылар қабылданады. Онда мал азығын дайындауды тыңғылықты жүргізу жөнінде колхоз, МТС басшыларына қатаң талаптар да қойылады. Дегенмен осының нәтижесі қандай? Аудандағылар бұл мәселемен жеткіліксіз шұғылданады. Олар алған қаулының орындалуын бақыламайды және талап етпейді. Сөйтіп, қабылданған қаулы-қарарлар ешбір нәтижесіз, қағаз жүзінде қалып қояды. Соның салдарынан жұмыста ешқандай қарқын тұмайды.

Булаев аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомі шаруашылыққа басшылықтары мұндай кемшіліктерді шұғыл жойып, жемшөп дайындау қарқынын еселеп арттыруды қамтамасыз етулері керек.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(өз тілімізі),

КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ

Комсомолецтер—өндіріс озаттары

Комсомол — совет жастарының алдыңғы қатарлы, таңдаулы отряды. Ол — партияның ең сенімді көмекшісі және оның айбынды резерві. СОКП Уставында: «БЛКЖО — бүкіл мемлекеттік және шаруашылық құрылыста партияның белсенді көмекшісі. Комсомол ұйымдары социалистік құрылыстың барлық саласында, әсіресе, бастауыш партия ұйымдары жоқ жерлерде, партия директиваларын іс жүзінде белсене жүзеге асырушылар болуға тиіс» делінген.

Қаладағы Сталин атындағы кәсіпшілік артеліндегі комсомол ұйымының (секретары Т. Пилицкая жолдас) есебіндегі 14 комсомолецтің бәрі де өндірісте жұмыс істейді. Олар—өндіріс озаттары. Артельдің комсомол ұйымы комсомолецтер мен жастар арасындағы саяси-тәрбие жұмыстарын жақсартуға және олардың еңбекте өндіріс озаттары болуына күнбе-күн назар аударып отырады. Комсомол ұйымы өзінің жұмысын, партия ұйымының басшылығына сүйене отырып, комсомол активтері арқылы жүргізеді.

Комсомолецтердің жыйналысы күнілері жасалған жоспар бойынша өтеді. Жыйналыстың күн тәртібінде өндіріс жаңалықтары мен еңбек озаттарының тәжірибелері жиі талқыланып, ол жалпы коллективтің игілігіне айналдырылады. Артель комсомолецтерінің жыйналысында комсомол ұйымы жұмысындағы кемшіліктер батыл сынға алынып, оны дерезінде жоюға бағытталған нақтылы шаралар белгіленеді.

Комсомол ұйымының жақпында болып өткен жыйналысында комсомолға А. Анинкованың жұмысы туралы мәселе қаралды. Жыйналыс комсомолецтердің белсене қатысуымен өтті. Онда комсомолецтер, әсіресе, Анинкованың жұмыс уақытын дұрыс пайдаланбайтынын, күндіз

нормасын орындап отырмайтынын қатты сынға алды. Жыйналыс Анинковадан келешекте жұмысты жақсартуды талап етіп, оны өндіріс озаттарының қатарына қою туралы қаулы алды.

Комсомол ұйымының бұл қаулысын жүзеге асыру үшін онымен бірге жұмыс істейтін жолдастары Анинковаға жұмыс үстінде практикалық көмектер көрсетті. Бұл өзінің игі нәтижелерін берді.

Бұл күндері Анинкова өндіріс озаттарының қатарына қосылды. Ол июнь айының өндірістік тапсырмасын 153 процент, жартыжылдық тапсырманы 146,8 процент орындап, өткен алты айдың ішінде 3427 сомның мінсіз, жоғары сапалы өнімін шығарды.

Комсомол ұйымы СОКП XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларын орындауда артель партия ұйымының жауынгер көмекшісі болып, комсомолецтер мен комсомолда жоқ жастарды өндірістік жоспарды мерзімінде және оны асыра орындауға жұмылдырып, олардың арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Өрбір бес күн сайын комсомол-жастар арасындағы социалистік жарыстың қорытындысы шығарылып, ол өндірістік кенестерде талқыланады. Жарыс қорытындысы көрсеткіш тақталар мен қабырға газеттеріне жазылады.

Артель жартыжылдық өндірістік жоспарды 114 процент орындап, жоспардан тыс 207 мың 200 сомның мінсіз сапалы өнімін шығарды. Артель коллективінің бұл сияқты қол жеткен зор табысына комсомолецтердің қосқан үлесі де мол. Мәселен, комсомолға Байбекова жолдас жарты жылда жоспарды 426,4 процент орындап, 8140 сомның өнімін шығарды. Сол сияқты, Шайхлисламова жолдас жартыжылдық жоспарды 426,4 процент орын

дап, 8239 сомның өнімін берді. Мұндай комсомолецтер мен комсомолда жоқ жастар артельде көптеп саналады.

Комсомолецтер өндірісте авангардтық роль атқарумен бірге, артель коллективі арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстарға да белсене араласады. Мұнда комсомолецтер Б. Абрахимов, З. Сутюшева, Е. Сапрыгина, және В. Шайхлисламова жолдастар үгітші болып істейді. Олар артель жұмысшылары арасында күн сайын газет, журналдардан мақалалар оқиды. Үгітшілер СОКП Орталық Комитеті Пленумының Берияның партияға қарсы, мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттері жөніндегі қаулысын коллектив арасында кеңінен түсіндірді. Сөйтіп, артельде еңбек тәртібін нығайтуды ұйымдастырды.

Өткен жылы комсомолецтердің бәрі артель бастауыш комсомол ұйымының жанындағы саяси үйірмеде оқып, өздерінің саяси білімін көтерді. Комсомолецтер былай да түгелінен осы үйірмеде оқиды. Сонымен бірге, арнаулы білімі жоқ Збродов, Анинкова және басқа комсомолецтер кешкі жұмысын жастар мектебінде оқымақ.

Артельде хор, драма, би және спорт үйірмелері бар. Комсомолецтер бұл үйірмелерге белсене қатысады. Үйірме жұмыстарын басқару үшін арнаулы комсомолецтер бөлініп, олар комсомол жыйналысында бекітілді.

Сталин атындағы артельдің бастауыш комсомол ұйымы қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, партия ұйымының басшылығымен келешекте де комсомолецтер мен комсомолда жоқ жастардың артельдегі саяси-тәрбие жұмыстарын жақсартып, оларды жаңа өндірістік табыстарға бастай береді.

С. ӘБДІҚАСЫМОВ.

Коммуналдық шаруашылық мекемесінің жұмысын жақсарту берейік

Жуырда еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің V сессиясы болды. Онда қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің жұмысы туралы бөлімнің меңгерушісі Малышев жолдас баяндама жасады.

Баяндамашы коммуналдық шаруашылық ұйымдарының жұмыстарында елеулі кемшіліктердің барын мойындай сөйледі. Қала тұрғын үйлерін күрделі жөндеуден өткізу жұмысы қанағаттанғысыз болып отырғанына еңбекшілер депутаттарының Петропавл қалалық Советі де кінәлі.

продук шаруашылығын жөндеу жұмысында да үлкен кемшіліктер бар.

Қаланың коммуналдық шаруашылық орындарындағы кемшіліктердің қайталануына беруіне, тұрғын үйлерді жөндеу және күрделі жөндеулерден өткізу жұмысының мұншалықты қанағаттанғысыз болып отырғанына еңбекшілер депутаттарының Петропавл қалалық Советі де кінәлі.

ККП қалалық комитетінің секретары Кузнецов жолдас жөндеу-құрылыс мекемесі тарапынан жүргізілген жөндеу жұмысының сапасы өте төмен болатындығын, бұл мекеменің басшылары жөндеуші жұмысшылардың мамандығын арттыру жөнінде ешқандай жұмыс істемейтіндігін, сол сияқты, қалалық коммуналдық шаруашылық мекемесінің жұмысындағы кемшіліктерді жөндеу жұмысына шығарып

ерекше назар аударуды керек етеді. Бірінші жарты жылдың ішінде коммуналдық шаруашылық мекемесіне еңбекшілердің 178 арызсы түсті. Соның 118 ғана шешіліп, 60 арызға әлі күнге тиісті жауап берілмеген. Өрине, бұл төзерлік жағдай емес.

Еңбекшілердің шағымдары мен арыздарына қалалық Совет атқару комитетінің жеткілікті назар аудармай отырғандығы туралы депутат Пилипенко жолдас бірнеше мысалдар келтірді.

Депутат Ермолин жолдас қалалық моншаға жөндеу керек екендігіне тоқталды. Ол моншаны жөндеу жұмысына шығарып



Жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыста Петропавл вагон жөндеу депосының электросварщигі В. Шашерин жолдас алда келеді. Ол тапсырманы үнемі 280 проценттен орындайды.

СУРЕТТЕ: В. Шашерин жолдасының жұмыс істеп тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Ақшадғй сыйлық алды

Преснов ауданындағы Спасовка селолық Советіне қарасты «Путь коммунизма» колхозында тұрушы 71 жастағы Имантаев Кабдол қарт жуырда қасқырдың 8 бәттірігін ұстап, оларды тірідей аудандық шикізат дайындау орнына тапсырды. Аудандық шикізат, дайындау орны Кабдол қарттың еңбегін бағалап, тапсырған бәттіріктері үшін оған ақшадай сыйлық берді.

Б. НЕКІБАЕВ.

Сауыншылардың табысы

Жамбыл атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) алдыңғы қатарлы сауыншылары сыйырлардан сүтті көп сауу жолында аянбай еңбек етіп, тамаша табыстарға ие болып отыр. Б. Жиеналина, Жахина және Самашкова сияқты сауыншылар әрқайсысы қарамағындағы 14 сыйырдан сүт сауу жоспарын ойдағыдай орындап отыр.

Колхоз сауыншылары бір ғана июнь айы ішінде 25340 литр сүт сауды.

МАЛ ҚОРАЛАРЫН САЛУДА

Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінің (Кониохов ауданы) мүшелері мал қыстатуға үлгілі өзіндік мәселесіне жете мән бере отырып, жемшоп дайындаумен бірге мал қораларын салу жұмыстарын да қызу қарқынмен жүргізуде.

Көзір Славко жолдасының басқаруын-

Совет Үкметінің АҚШ үкметіне наразылығы

31 июльде ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары А. А. Громько АҚШ-тың Елшісі Ч. Болен мырзаны қабылдап, оған мынадай мазмұнда нота тапсырды:

«Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі Америка Құрама Штаттары Үкметіне мынаны мәлімдеуді қажет деп есептейді.

Тиісті совет органдарының тексерілген хабары бойынша, осы жылғы 27 июльде, Москва уақытымен 6 сағат 28 минутта Американың төрт истребителі Қытай Халық Республикасының шегіне өтіп, Хуадянь ауданында, қытай-корей шекарасынан 110 километр жерде, белгіленген трасса бойынша Порт-Артурдан ССРО-ға ежелгі ұшу сапарын жасап кетіп бара жатқан советтік «ИЛ-12» жолаушы самолетіне шабуыл жасап, оны атып түсірген. Самолетпен

бірге оның ішіндегі 15 жолаушы, экипаждың 6 адамы апат болған.

Совет Үкметі америка соғыс самолеттерінің Қытай Халық Республикасы жеріндегі советтік жолаушы самолетке мұндай пираттық шабуыл жасауына қарсы батыл наразылық білдіреді және АҚШ үкметі бұл шабуыл жөнінде айыпты адамдарды қатаң жазалау және америка соғыс командованиесі тарапынан мұндай қылмысты әрекеттерді бұдан былай болдырмау шараларын қолданады деп күтеді.

Совет Үкметі АҚШ үкметіне жоғарыда көрсетілген советтің 21 азаматының және самолетінің апат болуына байланысты шығындардың төленуін талап етуге провалы деп есептейді».

Ч. Болен мырза нотаны өз үкметіне жеткізетіндігін хабарлады.

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің осы жылғы 20 июльде Түрік Республикасының Москвадағы Елшісіне тапсырылған нотасына жауап ретінде, Түркияның Сыртқы Істер Министрлігі осы жылғы 24 июльде ССРО-ның Анкарадағы Елшілігіне мынадай нота тапсырды.

1953 жылғы 20 июльде Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары ұлы мәртебелі Зорин мырза Түркияның Москвадағы Елшісіне ауызекі нота тапсырды. Совет Үкметі дереу жариялаған бұл нотада Сыртқы Істер Министрлігі америка флотының, оған кейін ағылшын флотының таяудағы уақытта Стамбулға ресми келетіндігін сылтау етіп, мына фактіге: соңғы кезде шетелдік соғыс кемелері құрамаларының, оның ішінде ірі кемелердің Бұғаздар порттарына келуі жиілене бастағанына назар аудармауға болмайтынын, жоғарыда айтылған екі флоттың келуі өзінше бір соғыс демонстрациясы деп танылуы мүмкін екенін ішіңде ірі кемелердің Бұғаздар порттарына келуі жиілене бастағанына назар аудармауға болмайтынын, жоғарыда айтылған екі флоттың келуі өзінше бір соғыс демонстрациясы деп танылуы мүмкін екенін мәлімдеп, Түркия үкметінен қосымша мәлімет алуына сенім білдіреді.

Бұл нотаға жауап ретінде, Түрік Республикасының Сыртқы Істер Министрлігі Советтік Социалистік Республикалар Одағының Елшілігінен төменде айтылғандарды өзінің Үкметіне тапсыруды өтінеді:

Монтреде жасалған Бұғаздар режимі туралы келісімнің 24-статьясына сәйкес әрдайым мәлімет алып отырған Советтік Социалистік Республикалар Одағы үкметінің жоғарыда аталған нотада өзі дәлелге келтірген ресми келулер сыпайгершілік келіс болып табылатынын білмеуі мүмкін емес.

Монтреде жасалған келісімнің 14 (абзац 3) және 17-статьялары Бұғаздарға сыпайгершілікпен келген теңіз күштері өздерінің тоннажы және құралы жөнінде толық ерікті болуын көздейтін-

қы Істер Министрлігі Түрік Республикасының Елшілігіне мынаны мәлімдейді.

Өзінің осы жылғы 20 июльдегі нотасында ССРО Сыртқы Істер Министрлігі осы жылғы июльде Стамбул портына АҚШ соғыс кемелері құрамаларының —10 кемесінің және Англияның 22 кемесінің келетіндігі туралы Түркия Сыртқы Істер Министрлігінің хабарына сүйеніп, соңғы кезде шетелдік соғыс кемелері құрамаларының, оның ішінде үлкен соғыс кемелерінің Қара теңіз бұғаздары порттарына келуі жиілене бастағандығына назар аударды. Сол сияқты министрлік нотада айтылған Американың 10 соғыс кемесінің және Англияның 22 соғыс кемесінің Стамбул портына келуі өзінше бір соғыс демонстрациясы деп танылуы мүмкін екенін көрсетті. Түркия Сыртқы Істер Министрлігінің 24 июльде ол нотаға қайтарған, жауабын қарап, ССРО Сыртқы Істер Министрлігі соңғы жылдарда шетелдік соғыс кемелері ірі құрамаларының Қара теңіз бұғаздарына келуінің саны едәуір көбейгендігін қосымша атап көрсетуді қажет деп табады. Төмендегі ресми мәліметтер осыны дәлелдейді:

Қара теңіз бұғаздарына мынадай соғыс кемелері келді:

1950 жылы жалпы сыйымдылығы 197.800 тонна шетелдік 33 соғыс кемелері келді.

1951 жылы жалпы сыйымдылығы 378.800 тонна шетелдік 49 соғыс кемелері келді.

1952 жылы жалпы сыйымдылығы 587.727 тонна шетелдік 69 соғыс кемелері келді.

1953 жылдың 7 айы ішінде жалпы сыйымдылығы 300.000 тоннадан астам шетелдік 60 соғыс кемелері келді.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлар болып отырғанда, шетелдік соғыс кемелерінің Қара теңіз бұғаздарына келуі жоғарыда айтылған зор көлемге жетіп отырғанына, ССРО Сыртқы Істер Ми-

Келеді. 1953 жылы тұрғын үйлерді жөндеу жұмысына бөлінген бір миллион 807 мың сом қаражаттан бірінші жарты жылдың ішінде 36,1 проценттейі ғана пайдаланылды, деді ол.

Кейбір мекемелердің басшылары да өздерінің қарамағындағы тұрғын үйлерді жөндеу жұмысына жеткілікті көңіл бөлмей отыр. «Союзгазоттранс» мекемесінің басқарушысы Потекаев, Облыстық тұтынушылар одағының председатели Писеев жолдастар тұрғын үйлерді жөндеу жұмысына ешқандай шара қолданбай келеді. Сол сияқты, жол-көпір және су

сыз болатындығын сынады. —Қаланың электр сеті үйін қайтадан жаңарту керек болып отыр, —деді Кузнецов жолдас. —Бұған көптеген қаражат бөлінді. Алайда, қалалық электр сетінің директоры Гнедых жолдас электр сетін қайтадан жаңарту жұмысын шындап қолға алмай келеді. Негізгі үйді күрделі жөндеуден өткізудің жартыжылдық жоспары орындалмай қалды. Қала электр қуатымеч қамтамасыз етілген жоқ. Электр сетіні қайтадан жаңарту жұмысына бөлінген қаражаттың 9,8 проценті ғана пайдаланылды. Еңбекшілердің арыздары мен шағымдары

тан қаражат көп екендігін, бірақ, ол игерілмей отырылғандығын, бұған мөнгенің директоры Еремченко, қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің бастығы Мальшев жолдастардың неқұрайды қарап отырғандығын сынады.

Депутат Омельчук жолдас темір жол торабына, әсіресе, жұмысшы поселкесіне қалалық Советтің көңіл бөлмейтіндігін, екі айдан бері жұмысшы поселкесінің су тарататын будқаларында судың жоқтығын айтты.

Қалалық Советтің сессиясы қаралған мәселе бойынша тиісті қарар қабылдады.

Колхоздардағы тексеру комиссияларының жұмысы жақсартылсын

Колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беру ісінде олардағы тексеру комиссиялары зор роль атқарады. Ауылшаруашылық артелінің үлгілі Уставына сәйкес колхоздарда тексеру комиссияларының алдына аса жауапты міндет — басқармалардың барлық шаруашылық және ақша істерін тексеріп, бақылап отыру міндеті қойылған. Сондықтан тексеру комиссиялары басқармалардың барлық шаруашылық-финанс жұмыстарын мерзімінде тексеріп отыруға тиіс. Колхоздың жыл ішінде жыйналған ақшадай және заттай кірістерінің дұрыс есепке алынуын, олардың колхоздың қоғамдық шаруашылығын өркендету мақсатына лайық жұмсалуды, колхоз мүлкінің, ақшадай қаражаттың талан-таражға түспеуін, колхоздың мемлекет алдындағы міндеттемелерінің орындалуының барысын тексеруге міндетті.

Осы сияқты, тексеру комиссиялары колхоздың өз мүшелерімен есеп айырысуының жайын мезгіл-мезгіл тексеріп, біліп отыратын болуы керек. Олар колхозшылардың еңбеккүндерінің мезгілінде оқалып, есепке алынған-алынбағанын, еңбеккүнге табыстың дұрыс бөлінген-бөлінбегенін тексеруге тиіс. Тексеру комиссиялары жылына 4 рет тексеріс жүргізуге міндетті. Ауылшаруашылық артелінің үлгілі Уставында көрсетілгеніндей, тексеру комиссиялары тексеріс қорытындылары жөнінде колхозшылардың жалпы жыйналысында есеп беріп отырады.

Тексеру комиссияларының жұмысының өз дәрежесінде болуы колхоз шаруашылығын жедел өркендетуге, оның табысын барған сайын көбейте беруге зор мүмкіншіліктер тудыратындығы сөзсіз. Облысымыздың бірқатар колхоздарында тексеру комиссияларының жұмысы ойдағыдай ұйымдастырылған. Мысалға Полудень ауданындағы «Красное знамя» колхозындағы

тексеру комиссиясын алайық. Бұл колхоздағы тексеру комиссиясы (председатели Тимурчаев жолдас) басқарманың шаруашылық-финанс жұмыстарын мезгілінде және жан-жақты тексереді. Комиссия тексерістің қорытындыларын басқарма мәжілістерінде және колхозшылардың жалпы жыйналысында талқылауға ұсынады. Сөйтіп, басқарманың шаруашылық-финанс жұмысындағы кемшіліктерін кезінде ашып, оны дереу жоюға көмектесіп отырады.

Бірақ, тексеру комиссияларының жұмысы барлық жерде бірдей бұлай ұйымдастырылмаған. Бірқатар колхоздарда тексеру комиссияларының жұмысы өте қанағаттанғысыз. Мұндай шаруашылықтарда тексеру комиссиялары басқарманың шаруашылық және финанс істеріне тексеріс мезгілінде жүргізіп отырмайды. Мұның өзі кейбір колхоздарда ақшадай және заттай жыйналған қорлардың дұрыс есепке алынбай, талан-таражға түсуіне, сөйтіп, ауылшаруашылық артелінің үлгілі Уставы ережелерінің өрескел бұрмаланылуына әкеліп соғып жүр.

Тексеру комиссияларының жұмысы Булаев ауданының колхоздарында мүлде бетімен жіберіліп отыр. Бұл ауданның көп колхоздарында тексеру комиссиялары ешқандай жұмыс жүргізбейді. Мысалы, өткен жылы ауданның «Красное знамя» және «Страна Советов» колхоздарында тексеру комиссиялары басқарманың шаруашылық-финанс қызметіне бір ретте тексеріс жүргізіп жоқ. Тексеру жұмыстарының жүргізілмеуі салдарынан бұл колхоздарда жыйналған қорлардың орынсыз жұмсалудына жол берілді. Мәселен, «Страна Советов» колхозының председатели Бақанов жолдас өзінің еңбек ақысын алу үшін колхоздың ірі қарамал фермасынан бір сыйырды заңсыз сатқан. Басқа да

ақшадай және заттай кірістерді орынсыз жұмсаған.

Булаев ауданын тұтас алғанда өткен жылы бірде-бір колхозда тексеру жұмыстары толық жүргізілген жоқ. Ауылшаруашылық артелінің Уставына сәйкес аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімі колхоздардың шаруашылық-финанс жұмысының жайын жылына кемінде бір рет тексеруге тиісті. Алайда, Булаев аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімі өткен жылы тексеру жұмыстарын қанағаттанғысыз жүргізді. Бөлім тексеру жұмыстарының жоспарын небары 25 процент ғана орындады. Тексеру комиссияларының жұмысы бйыла да нашар жүргізілуде. Бірақ, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімі, оның меңгерушісі Шалимов жолдас тексеру комиссияларының жұмысын жақсарту жөнінде ешбір шаралар қолданбай келеді.

Кониюхов ауданының колхоздарында да тексеру комиссияларының жұмысы тиісті дәрежеде емес. Ауданның «Орталық», «Путь Ленина», «Жаңа тұрмыс» колхоздарында бйылғы жылы небары бір-ақ рет тексеру жұмыстары жүргізілді. Осы жылдың өткен мерзімі ішінде аудан колхоздарында тиісті тексеру жұмыстарының төрттен біріндейі ғана орындалған.

Ленин ауданының көп колхоздарындағы тексеру комиссиялары басқармалардың шаруашылық-финанс жұмыстарына тексерісті оқта-текте ғана жүргізеді. Оның өзінде тексеріс жұмыстары нашар ұйымдастырылады. Әсіресе, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімі (меңгерушісі Кудербеков жолдас) тексеру жұмыстарын бетімен жіберіп отыр. Бөлім әрбір колхозда тиісті тексеріс жұмыстарын мезгілінде және толық жүргізіп отырмайды. Ауданның жөкелеген колхоздарында істің жайы бұдан да нашар. Мысалы, «Орталық» колхозындағы тексеру комиссиясы үстіміздегі жылы бірде-бір рет тексеру жұмыстарын жүргізген жоқ.

Тексеру комиссияларының жұмысы Октябрь, Петропавл, Мамлют аудандарының

дағы құрылысшылар бригадасы ағаштан 250 бас шошқа сыятын қора салып жатыр. Бригада мүшелері бір мезгілде қой қора және құс тұратын үй салуды қолға алды.

Қарт хат тасушы

Шағлы астық совхозының тұрғын ақамдары хат тасушы Евросиния Кучеренконы аса құрметтейді. Бйыл оның хат тасушы болып істей бастағанына 12 жыл толады. Жасының ұлғайғандығына қарамастан, Кучеренко жолдас еңбекшілердің хат-хабарлары мен газет, журналдарын ерқашан да уақытылы тапсырып отырады.

колхоздарында да қанағаттанғысыз. Октябрь, Петропавл ауданының колхоздарындағы тексеру комиссияларының төрт жартысы басқармалардың осы жылғы бірінші тоқсандағы шаруашылық-финанс жұмыстарына әлі күнге дейін тексеріс жүргізбейді бұған толық дәлел. Осы сияқты, Мамлют ауданының колхоздарында екінші тоқсанда 5 колхозда ғана тексеріс жұмыстары жүргізілді.

Тексеру комиссияларының жұмысындағы бұл сияқты кемшіліктерге тезуге тіпті болмайды. Партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары колхоздардағы тексеру комиссияларының жұмысын жақсартудың, сөйтіп, жыйналған ақшадай және заттай қорлардың дұрыс есепке алынуын және жұмсалуды, колхозшылардың еңбеккүндерінің дұрыс есептеліп, олар үшін табыстың дұрыс бөлінуін ұйымдастыра білулері керек.

Тексеру комиссияларының жұмысын жақсарту үшін олардың құрамын қолынан іс келетін, тәжірибелі адамдармен толықтырып, комиссияның жұмыс істеуіне барлық жағдайды жасау қажет.

Колхоздардағы тексеру комиссияларының жұмысын жақсарту, олардың басқармалардың шаруашылық-финанс қызметіне бақылауды күшейту колхоздың қоғамдық дәулетін онан сайын зрттыруда зор роль атқарады. Олай болса, әрбір колхозда тексеріс жұмыстары тоқсан сайын, жылына төрт рет жүргізіліп отыруға тиіс. Әрбір тексерістің қорытындысы ауылшаруашылық артелінің Уставында көрсетілгеніндей, колхозшылардың жалпы жыйналыстарында талқыланып отыруы керек. Тексеру комиссияларының жұмысын бйлай ұйымдастыру колхоз өмірінің заңы — ауылшаруашылық артелінің үлгілі Уставының ережелерін мұқият сақтауға, сөйтіп, колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан барған сайын нығайта беруге қолайлы жағдай тудырады.

Ф. КУРОВСКИЙ,

Облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының аға нұсқаушы-бухгалтері.

статьялардың ережелеріне толық сәйкес жасалып отырғандықтан, олардың жиі қайталауын, Түркияның бұл флоттары шақырылған еңбегі мен достық байланысының жақсы дәлелдемесі деп түсінбейінше, басқаша түсінуге болмайды.

Жоғарыда айтылғандар себепті және Совет Үкметі ерекше назар аударуды қажет деп тапқан бұл екі келу жөніндегі барлық мәліметтер мен ақпараттар тиісті тәртіппен және тиісті формада оған да білдірілгенін ескеріп, Түркия үкметі Совет Үкметіне қосымша мәлімет сұрауды қажет деп тапқанына өзінің танданғандығын жасыра алмайды. Мұндай қосымша мәліметтер сұрауды халықаралық дәстүрлер бойынша мұдделі жақтардың қарауына қалдырылатын мәселеге өзіне араласқандық деп тануға болар еді».

31 июльде ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары В. А. Зорин Түркия Елшілігінің Кеңесшісі Акимур мырзаға мынадай мазмұнды нота тапсырды.

«Түрік Республикасының Сыртқы Істер Министрінің осы жылғы 24 июльдегі нотасына байланысты ССРО Сырт-

ЛИ СЫН МАННЫҢ АРСЫЗДЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

НЬЮ-ИОРК, 31 июль. (СОТА). «Нью-Йорк Таймс» газетінің тілшісі Рестон Сеулден өзінің Ли Сын Манмен әңгімесі туралы хабарлап, онда былай деп жазады:

«Мемлекеттік секретарь Даллестің келесі аптада осында болатындығына Ли Сын Ман өзінің қуанышты екендігін білдірді... Ол (яғни Ли Сын Ман) — Ред.) Кореяның бірігуі туралы коммунистермен келісімге келу мүмкіншілігін алдын-ала жоққа шығарып отыр. Ол осы аптада жасалған уақытша бітім туралы келісімді «масқаралық документ» деп атап, өзінің бұған тәзіп отырғанды-

нистрлігінен шетелдік соғыс кемелерінің зор құрамаларының Қара теңіз бұғаздарына жиі келуі жайында қосымша мәлімет сұрауды қандай да болса күтілмеген іс деп есептеуге болмайды.

Солдай бола тұрса да Түркияның Сыртқы Істер Министрілігі өзінің 24 июльдегі жауап нотасында бұл мәселені түгелінен істің тар формальдық және бұл ретте елеулі маңызы жоқ жағына аударуды мүмкін деп тапты. Совет жағының, Совет Одағы үшін маңызы бар және екі көрші мемлекет арасындағы дұрыс қарым-қатынас жағдайында өбден түсінікті мәселе жайында қосымша мәлімет сұрауды алатын болсақ, Түркияның Сыртқы Істер Министрілігі оны — былай деп қорытынды шығаруға ешқандай дәлел болмаса да Түркияның қарамағына жататын мәселеге өзінше араласқандық деп бағалауды мүмкін деп тапты.

ССРО Сыртқы Істер Министрілігі Түркия Сыртқы Істер Министрілігінің 24 июльдегі нотасына бұл жауапты, Министріліктің осы жылғы 20 июльдегі нотасында алға қойылған мәселенің маңызын ыспаттау үшін жібереді».

ғын егер саяси конференция жүзеге аспай қалатын болса, онда күрестің қайта басталуына президент Эйзенхауэр кезінде қолдайды деп сенетіндіктен тәзіп отырғандығын айтқан...

Бүтін бір сағатқа созылған әңгіменің көпшілігі Ли Сын Манның келіссөздер жолымен бейбітшілік орнату — хауіпті құрғақ қыял деген тақырыпта ұзақ сөз сөйлеуімен өтті, бірақ ол сөзінің бір жерінде, егер Құрама Штаттар соғыс қыймылдарын қайта бастамаса, «онда не істейтіндігімізді білмеймін» дегенді айтқан.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«Жазғы КИНОТЕАТРАДА»

«ЖӘРМЕНКЕДЕГІ ОҚЫЙҒА»

«КЕТО ЖӘНЕ КОТЭ»

Сеанстар сағат 4-те басталады.

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

Мемлекеттік хауіпсіздендірудің Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасы таяудағы күндерде егілетін күздік егістерді ерікті түрде хауіпсіздендірудің белгіленген мерзімі аяқталатындығын колхоз басқармаларының есіне салады.

Мемлекеттік хауіпсіздендіру күздік егістерді бұршақ соғудан, нөсер жауыннан, бораннан, сабақта тұрған кезінде өртке ұшыраудан, суық түсуден, үсіп кетуден, су тасқынынан апатқа ұшырағанда хауіпсіздендіру құнын төлейді.

КОЛХОЗ БАСҚАРМАЛАРЫ

Күздік егістеріңізді деркесінде хауіпсіздендіруге асығыңыздар.

Күздік егісті хауіпсіздендіру жөнінде Мемлекеттік хауіпсіздендірудің аудандық инспекцияларымен шарт жасасыңыздар.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.